

Л 2004
8543к

Өтеш
ҚЫРҒЫЗБАЕВ



Сүзгiр

А 2007 / 8543 к

Өтеш
ҚЫРҒЫЗБАЕВ

Сүгір


Роман



Алматы
«Ана тілі»
ЖШС
2007

ББК 85.92
Қ 87

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды*



Қырғызбаев Ө.
Қ 87 Сүгір. (Роман). – Алматы: «Ана тілі» баспасы,
2007 – 256 бет.

ISBN 9965-670-54-4

Қазақ даласына даңқы жайылған күйші, шертпе күйдің негізін салған Сүгір Әліұлының өмірі, оның өлмес мұрасы күмбірлі күйлері жайлы сол кезеңнің тыныс-тірлігімен сабақтастыра сыр шерткен шығарманың оқырманын бейжай қалдырмасы анық. Шығарманың оқиғасы шымыр, тілі көркем.

Көпшілік оқырманға арналады.

Қ $\frac{4905000000}{00(05)-07}$ – 07

ББК 85.92

ISBN 9965-670-54-4

ЖШС
7002

© Қырғызбаев Ө., 2007

© «Ана тілі» баспасы

ЖШС, 2007



ҚОС ІШЕКТИҢ ҚҰЛАҚКҮЙІ

Алпысыншы жылдардың басында Созақ ауданының орталығы Шолаққорған шағын ғана жинақы елді мекен еді. Орталық көшелерінің бірінде нағашы атам Әбүйір мен әжем Ботакөз тұратын. Перзенттері жастай шетінеп, жалғыз қызы менің шешем Ақжан қалған екен.

Бастауыш кластарда сабақтан соң атам мен әжеме барып қолғабыс беріп жүретінмін. Жатаған үйдің төбесін, ауланы қардан тазартып, отын жарып, су тасып беретінмін.

Осы үйде Ботакөз әжем ауырып қайтыс болды. «Өтжан-ау, әжеңнен айырылып қалдық қой!» – деп атамның бауырына қысып, көңілі босағаны есімде қалыпты.

Атам қолымызға көшіп келді. Ұзақ жыл бірге тұрған кемпірінен айырылу әрі жатжұрттық қызының қолына келу оңай соқпаса керек, қарт кісі жүдеп қалды. Пеш түбіне қалыңдап салған төсек үстінде жататын.

Ол кезде ауылдағы жиын-тойда домбыра негізгі музыкалық аспап болып саналатын. Домбыраға қосылып ән айтылады, ересек кісілер көбіне шертпе күй тартады. Сүгір күйшінің майда шертісті қоңыр сазды күйлері жиі орындалады.

Домбыраға әуесім кеткенін сезді ме, анам жалақысы тигенде кебеже қарын қоңыр домбыра сатып алып берді. Қолыма ұстасам болды көкейдегі әуен төгіліп жүре беретіндей көрінгенмен бұл аспапты меңгеріп кету оңай емес екен. Домбыра сабалағанымды қызық көрген атам: «Нағашыларыңның ішінен Жайыл аты елге мәлім домбырашы еді. Әуелі құдай, одан кейін бойына біткен өнері себеп болып Сүгір күйшінің Саракүл деген қызын алған» – деген сөзі құлағымда қалып қойыпты. Жайыл кезінде домбыраны бұлбұлша құйқылжытқан, қоңыр гармонымен жыр-қиссаларды, дастан-жырларды таңнан таңға дейін жатқа айтқан сирек дарын иесі болған екен.

Ол кісінің сөзіне анам да қосылып қалатын. Өзінің жастық шағын еске алып, тамсана әңгіме ететін. «Саракүл бет біткеннің реңдісі еді, қолаң шашы тілерсегіне түсетін. Аққұба өңді, қос жанары танадай жанып тұратын. Жайыл ағамыз ақ сарының әдемісі, көркіне өнері сай, нағыз сегіз қырлы, бір сырлы жігіттің сұлтаны еді. Қатарларының алды болған екі жасты құдай қосты. Құлпырып өсіп келе жатқанда сырт көздің сұғы өтті ме төтеннен жабысқан кесел Саракүлді алып, Жайылдың жанарын суалтып кетті. Көріп болған ағамызды кезектесіп жетектеп жүруші едік. Көз жанары суалса да гармоны мен домбырасын қолынан тастамайтын. Айтқан қиссалары мен тартқан күйлері мұңлылау болып келетін. Жайыл ағамыз кезінде ортаның гүлі еді ғой» – дейтін.

1969-жылғы қыс қатты болды. Атам сол жылы науқастанып жатып, қыс ауасында өмірден өтті. Жиналған көпшілік қалың қарды омбылап кешіп жүріп, атамды кемпірінің қасына жерледі. Бауыр басқан жаннан айырылу бала болсам да ауыр тиді.

Нағашы атам Әбүйірдің әкесі Битан Қоңыраттың ішіндегі Жиёмбеттің танымал дәулетті адамдарының бірі екен. Сейітқазы, Жанғазы, Әбүйір, Сұлтанғазылар өз алдарына бір-бір ауылдың тұтқасы болған. Битан 1918-жылдары қайтыс болады. 1930-жылдардағы аты шулы Созақ көтерілісі қарсаңында баласы Жанғазы Созақ қыстағындағы мал базарға келгенде жергілікті белсенділер «байдың тұқымы» деп ұстатады. Жанғазы астындағы атын он алты жасар баласы Салыққа мінгізіп, ауылына қайтарып жібереді. Оның қасында Сұлтанғазының баласы Құтжан да бар екен. Салық жолда «Жәкеме барамын!» – деп қайтып кетіп, содан біржола оралмады.

Созақ көтерілісі Битанның өзге балаларына да шарпуын тигізбей қоймайды. Бәрі бас сауғалап тау асып, күнгейге қашады. Өзбекстан, Тәжікстанда жергілікті халыққа жалданып, өлмес күндерін көріп жүреді. Біразы ұшты-күйлі хабарсыз кетіп, Әбүйір атамыз кемпірі екеуі қартайған шағында туып-өскен Қаратаудың теріскейіне қайтып оралады.

Жайыл көзден қалған соң ағасы Сұлтанғазының әйелі Мария мен Жүптасын өмір сүреді.

Қиын-қыстау кезде талай жат елді кезіп жүріп

Сарағаштың Жаңабазар төңірегіне тұрақтайды. 1992 жылы тоқсан жасында қайтыс болған Қуандық Ұлықсатов Жайылдың мына өлеңін айтып берді:

«Мен келдім жиырманың сегізіне,
Арықты көп жайладым семізінде.
Тілемсек атандырдың құдайым-ай,
Жарыған секілді едім негізімде».

Жайыл отызыншы жылдардың басында жиырма сегізде болғанда 1904-жылдары туылған болып шығады. Жайыл да, оның жеңгесі Мария да жат елде жүріп қайтыс болады.

Сүгір күйші туралы шығарма жазу ниеті оның күйеу баласы Жайыл арқылы туған еді. Сүгір 1961-жылы 80-ге қараған шағында өмірден өтіп, Созақтағы Қарабура әулиенің қорымына жерленеді.

Жайыл туралы көп әңгімелердің түп төркіні Сүгір күйшіге барып тірелетін.

Жайыл мен Саракүлдің қосылуын Сүгір күйші мен Битанның екінші баласы Жанғазының арасындағы достықпен байланыстырып айтушылар ағайынды Бейсек, Дүйсек Бекеновтер, Құтжан Сұлтанғазиев пен Ысқақ Ұлықсатовтардың естеліктері бір арнада тоғысады. 1917 жылғы жұтта Қаратаудың терістігін, Бетбақдаланы жайлаған қалың ел Атбасар, Жолөткелдің базарынан астық, азық-түлік әкелуге көп жігіт шығарады. Оларды қайтар жолда найманның жол торыған қарақшылары тонап алады. Талан-таражға түскен елдің жоқтаушысы болып ауыл-ауылдан шыққан топтың ішінде Жанғазы мен Сүгір де бар екен. Екеуі ұзақ жолдан қайтып келе жатып өзара құдалыққа серт байласады. Бұл екі әулет ертеден қоян-қолтық араласып, қыста Мойынқұм, Көкшеқұмда, жаз шыға Бетбақдаланың жазығында көшіп-қонып қатар жүрген. Осындай сыйластық қарым-қатынас Саракүл мен Жайылдың көңіл жарастырып, жұптасуына әкеледі.

Сүгір күйші туралы дендеп деректер жинауға 1992 жылы күз айында жерлестері Сүгір күйшінің басына кесене орнатып, берілген ас та ықпал етеді. Сол жылы Ынтымақ ауылындағы мектеп ауласына күйшінің ескерткіш мүсіні орнатылады. Бұл игілікті шараға сол кездегі аудан әкімі Әбдірахман Омбаев, ауыл азаматтары Сексенбай

Тұрысбеков, Колхоз Сағындықов ұйтқы болады. Күйшінің көзін көрген ауыл ақсақалдары Балтабай Әбдіраманов, Дәуіті Әділов, інісі Есенқара, қыздары Ұлбала мен Оңғар, ағайын, туыс-жекжаттары, Алматыдан көрнекті ғалым, жазушылар Ілия Жақанов, Ақселеу Сейдімбеков, Уәли Бекенов, өнер саңлағы Шәміл Әбілтаев, Сүкеннің шәкірттері Генерал Асқаров, Файзулла Үрмізовтер күйші туралы небір жүрек жарды естеліктер айтады.

Күйші рухын көтеруге арналған ұлан-асыр аста сол кездегі он кеншардың бәрі, өзге де Сүгір күйшінің әулет-ұрпақтары жеке-жеке киіз үй тігіп, ас-ауқатын дайындап, келген қонақтарды күтіп, меймандостық ақжарқын ниет танытады. Сол күні кең сахарада желдің ызыңынан, қамыстың шуылынан әуен іздеген дала перзенті Сүгір күйшінің ұрпақтары құдіретті өнер иесінің рухын көтеріп, аруағының алдында бас иеді. Ұлтымыздың сирек дарын иесін саясына алып жатқан төрткүл әлемге аты мәлім Қарабура әулиенің дуалдан соғылған, жауын мен жел жырмышылап, төбесі ойылған көне кесенесін жаңарту туралы да бәтуалы сөз қозғалады. Қалың елдің көптен көкейінде жүрген арманын еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң 1997-жылы Шымкент қаласындағы «Сарарқа» акционерлік қоғамының президенті Құрал Ержанов өз қаржысынан ақ мәрмардан күмбезді еңселі кесене тұрғызып, республикамыздың түпкір-түпкірінен, көрші елдерден жұртшылықты жиып, ұлан-асыр ас береді.

Кітапқа арқау болған деректер Сүгір күйшінің жақындарының, көзін көрген қарттардың аузынан жазылып алынды. Сүгірдің үлкен атасы Мырзабайдың екі ұлы Әлі мен Жұманбай болса, сол Жұманбайдан Жаманқара, Есенқара атты ұлдар өседі. Созақ қыстағына таяу жердегі Ынтымақ ауылында тұратын сол Есенқара қариямен әңгімелесудің сәті түскен еді. Осы ауылдағы күйшінің үлкен қызы Ұлбала анамыздың үйіне жиі келіп, күйші туралы көп жайттарға қанықтым. Оңтүстік өңірінің Отырар ауданындағы Темір ауылында тұратын кіші қызы Оңғармен де Созаққа келген сапарында, Шымкенттегі ұлы Қалданның үйінде бірнеше мәрте жолығып, әкесі туралы сыр тарттым. Шымкент қаласындағы аталас інілерінің бірі Ергентай Борсабаев күйшінің күйлерінің шығу тарихын әңгімелеп, домбырада жеке-жеке орындап берді. Созақ селосындағы күйшінің туысы Колхоз Сағындықовтың үйінде

қона жатып, Сүкең туралы әңгіме тиегін ағытатынбыз. Ұлы Отан соғысының ардагерлері күйші Төлеген Момбековпен ағайынды Батабек, Атабек Асылбековтермен, Көлшікбай Ыбыраевпен, кезінде жақын араласқан Қойшыбай Мақашевпен, Орынтай Мақановпен, Жұмахан Төлебаевпен, Тоқсейіт Тоқтамысовпен, Шоқпар Өтеулиевпен, Бектас Мұхановпен, тағы басқа көптеген азаматтармен тілдесіп, күйші өмірі туралы деректер жинақтадым. Бұл азаматтардың біразы өмірден өтіп те кетті. Жазып алған таспаларда тірі бейнелері мен дауыстары қалды.

Сүгір жас кезінде жаратылыс берген өнерінің арқасында жиын-тойдың сәні болған екен. Әрі біртоға ұстамды, бойға біткен мінездің көркемдігі көпшілік арасында сирек дарын иесінің мерейін көтереді. Елдің игі жақсылары қасына ертіп жүрген, өз ауылының абыройын асырып отырған.

Күйші өмірінде үш рет үйлі-боранды болады. Алғашқы әйелі Қарағұр төңірегіндегі Жетімдер Алдаштың қызы Айғаным. Шамамен 1900 жылдары отау құрып, алғашқы баладан қайтады. Айғаным күміс көмей әнші, домбыраны шебер меңгерген жан екен.

Айғаным туралы күйшінің қызы Ұлбала, туысы Колхоз Сағындықов, қарағұрлық Жұмахан Төлебаевтардың айтқан әңгімелері бір арнадан тоғысады. Бұл деректің түп төркініне көз жеткізу мақсатында Қарағұр ауылындағы қарт кісілерге де жолыққаным бар. Алдаш ұрпақтарының біразы осында өмір сүреді. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында болыстық құрған Сапарбай, Шегебайлардың тұсында атақты төрт бидің бірі болған Алдаштың қыздарының үлкені Сүгірмен көңіл қосқан Айғаным ару екен.

Алдаш сөзге шешен, Жетімдер руының бас көтерерлерінің бірі болған. Алдаштың інісі Нұралыдан тараған Төреханұлы Аманкелді, оның інісі Садырханов Жауғашты Сүгір күйшінің Қарағұр елімен байланысы, бұл өңірдегі аты мәлім өнер адамдары туралы біраз құнды деректер айттып берді.

Екінші әйелі Құрақ тама Шынарбайдың қызы – Сауқан. Оның кенерінен шыққан Саракұл қыз болса да бөлекше жаратылады. Көркіне ақылы сай, әкесінің өнері дарып, ел назарына ілігеді. Сауқан қайтыс болған соң Сүгір қайын жұртынан Сыпатай қызы Нәзкенді алады. Өмірінің соңы-

на дейін дәм-тұздары жарасып, жұптасып өмір кешеді. Ұлбала, Оңғар есімді қыздарынан тараған немерешөберелері өсіп-өніп, бір қауым елге айналады. Жиендерінің үлкені Қонарбай Айтбаев күйшіні өз әкесіндей құрмет тұтқаны туралы ел аузында жылы сөз де бар.

Қыздарының кішісі Оңғар әке ықпалынан болар жастайынан домбыраға бейім өседі. Мектеп жасында әкесінің біраз күйлерін домбырада жатық орындайды. Кейін ерге шыққан соң тұрмыс тауқыметімен бұл өнерден қол үзіп қалады.

Жиі-жиі ат ізін салып, көп сырласып, бауыр басқан Ұлбала анамыз 2000-жылы күзде үлкен баласы Кеңестің қолында қайтыс болады. Сүгір күйші соңында қалар ізбасарларын ойлап қызының атын Ұлбала деп қойған екен. Анамыздың өмірінің соңында қапаланып жүргенін байқайтынмын. Шертпе күйдің шебері, қазақ өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған, төрткүл әлемге қоңыр сазды әуенімен кең тараған сирек талант иесі – әкесінің егемендігімізге қол жеткізген заманда атының өшуге айналуы қабырғасына қатты батты. «Қарағым, несін айтасың, әкеміздің соңынан еркек кіндік бала қалғанда ізденіп, күйшінің атын өшірмеуге талпынар еді ғой. Соңынан іздеушісі, бас көтерер жанашыры болмаған соң ұмыт болуға, өшуге айналды. Біздің үйге талай үлкен ғалымдар, жазушылар келіп, мәселе етіп көтереміз деп, соңынан бәрі із-түзсіз кетті ғой» – деген еді. Кең байтақ Қазақстанда Сүгір атындағы бір көшенің, мектептің кезікпеуі ұлтымыздың атына үлкен сын еді. Анамыздың мұң-мұқтажын көзі тірісінде облыстық «Оңтүстік Қазақстан» және республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің беттерінде бірнеше дүркін көтеріп, жоғары орындар басшыларына құлаққағыс еттік. Кештеу болса да Созақ ауданындағы Жыныс елді мекеніндегі жаңадан ашылған орталау мектепке есімі берілгеніне жерлестері қатты қуанды. Өкінішке орай бұл жаңалықты Ұлбала анамыз көрмей кетті.

Ел арасынан тума талант иесінің өмірінен деректер жинақтау барысында бір адамның пікіріне екінші біреудің пікірі қарама-қайшы келіп қалатын жайттар да кездесті. Осындай көңілге дұдамал келтірген тұстардан алшақ кетіп, көпшіліктің ойы бір арнаға тоғысқан шындық деректердің төңірегінде ой толғадық. Араға уақыт салып,

ой елегінен қайта өткізіп, біраз жерлерін қолжазбадан алып тастадық. Көркем туындыдағы бейнелеу, әсерлеу шындық желіден алшақ кетпейді.

Көпшілікпен сөйлесу барысында «Сүгір қызғаншақ адам болған. Ел жиылған жерде шешіліп домбыра тартпайтын» – деген сөздерді де естіп қалатынбыз. Күйшілікті киелі өнер санаған Сүгір оның қадір-қасиетін шын сезінген, түйсінген жандардың ортасында адал ниетімен домбыра тартқан. Замандастары Тоқабай, Әділ, Өмірзақтармен бірге жүріп, ол ортада домбыраны барықыласымен шерткен.

Сүгір күйшінің көзі тірі кезінде күйлері толық ұнтаспаға, нотаға жазылмағандықтан оның шығармаларының кейбірін өзгелердің пайдаланып кеткендігі туралы сөз де бар. Бұл туралы кезінде баспасөз беттерінде әртүрлі пікірлер де айтылып қалып жүрді. Сахараны ен жайлаған көшпенді елде туып-өскен Сүгір күйші мамыражай еркіндікте өмір сүрген жан. Туа-бітті жаратылысы бойына біткен өнер қайнарын көшіп-қонып жүрген ауыл-ауылда, елдің басы қосылған жерде тыңқылдатып күй тартып, қоңыр сазды лекітіп отырған. Көне көз қарттардың айтуы бойынша Сүгір қызыл отауға немесе клубқа барып домбыра тартпаған, оларды дінсіздердің ошағы деп түсінген.

Соғыстан кейінгі жылдары Созақ ауданына келген сапарында республика басшысының бірі Нұртас Оңдасынов күйшіге жолығып, өнеріне тәнті болған соң Сүгірді Алматыға алып кетпекші болады. Жиналып жолға шыққан күйші Созақ қыстағында селкілдеп оталып тұрған ұшақты көріп, жүрегі секем алып әрі туыстарының «Қартайған шағында ауылдан ұзамай-ақ қойсаңшы, сүйегің аспанда шашылып қалады ғой» – деген сөзінен қалып қояды.

Облыс орталығынан шалғайда жатқан ауданда сол кезде жазып алатын арнайы құралдардың кемдігінен, адамдардың құнтсыздығынан Сүгір күйлерін толық нұсқасында ұнтаспаға түсірудің еш реті келмейді.

Ал, 1961 жылы ұлы жазушы Мұхтар Әуезов пен Сүгір күйшінің Созақ қыстағындағы кездесуі ел аузындағы аңыз әңгіменің арқауына айналды.

Қырық жетінші жылы Қажымұқан палуан «Талапты» колхозына келіп дүйім елдің алдында өнер көрсетеді. Кешкісін колхоз бастық Өмірзақ Жүсіповтің үйінде қонақ

болғанда Сүгір күйші күй тартады. Алып денелі ауыр мінездің адамы домбыраның қоңыр әуезіне бойын алдырып, қоштасар сәтте: «Қасыма ертіп жүрер серіктікке лайық жан екенсің» деген екен.

Күйшінің көптеген күйлері із-түзсіз кетіп, беймәлім болып қалады. Күйшіні көзі көрген Есіркеп Өмірбеков «Жорға байтал» деген күйі болғанын айтса, жақыны Ергентай Борсабаев «Сүгірдің домбыра пернесіне қондырған 85 күйі бар еді» десе, Бейсек қария: «Мынау Сүгірдің «Каупман» деген күйі» – деп тартып отыратын. Қазақтың белгілі өнер иесі, қыл қобыздың шебері Жаппас Қаламбаев Созаққа келген сапарында Сүгір күйшінің бес-алты күйін көзі тірісінде нотаға түсіріп алады. Кейін бұл күйлер Жанғали Жүзбаевтың орындауында күй табаққа жазылып, елге таратылады.

Кезінде күйші туралы жазушы Тәкен Әлімқұлов көркем әңгімелер, ақын Бәтима Батырбекова поэма жазған болатын. 2006-жылы өнер зеттеуші ғалымдар Айтжан Тоқтаған, Гүлперизат Ұлтарханова, Мұрат Әбдіғазылардың құрастыруымен күйшінің бүгінгі күнге дейін белгілі болып келген күйлері жинақталып, нотаға түсіріліп «Қаратау шертпесі» деген атпен кітап болып шықты. Күйлер жинағына демеушілік жасаған азамат «Қапшағайфарфор» акционерлік қоғамының бас директоры Сьезбек Ақылтаев.

Сүгір күйшінің көзін көрген, өмірінің соңында араласқан жандардың қатары сиреп те қалды. Кештеу болса да ел арасынан деректер жинап, күйшінің көркемдік бейнесін жасауға талпыныс жасағанмен оның өміріне қатысты мәліметтерді кең көлемде қамтыдым деуден аулақпын. Білім-қабілетімнің, жазу шеберлігімнің жеткенінше, оңтайға келген, көркемдік топшылауға іліккен тұстарын ақ қағазға түсіруге талпыныс жасадым. Өшпес өнер мұрасы халқымен бірге мәңгі өмір сүре беретін тума талант иесінің өмірі мен шығармашылығына қатысты зерттеулер мен көркем туындылар дүниеге келіп, ұлттық өнеріміз тарихынан тиісті бағасын алар кезең келешек ұрпақ еншісінде, әрине.

Сүгір күйші өмір кешкен өңірде ұзақ жылдар журналист болып қызмет етіп, тарихи тұлға, сирек дарын иесі туралы ел арасында інжу-маржандай сақталған естеліктерді көркемдік ой-елегінен өткізіп, оқырманға шығарма ұсыну ниеті осындай мақсаттан туған еді.

Бірінші бөлім

ТОҒЫСТАҒЫ ТОЛҚЫН



Саршатамызда Жетіқоңыр төсінде өсімдік атаулы мейіздей сарғайып буыны қатайған еді. Мал тойынып, жондана бастады. Мамыражай қоңырсалқын, шыбынсыз ауа райы малды да, жанды да қамсыз күйге түсірген.

Сәскеде суатқа құлаған мал ішінен секеңдеп оқшау шығып кете беретін қос лақ көзге шалынбаған соң Әлі ойын соңында жүрген Сүгірді өріске жұмсады. Ойын қызығына берілген Сүгір балаларды қиып кете алмай кежегесі кері тартса да еріксіз топтан сытылып шықты.

Ауыл төңірегіндегі жазықта қарайған мал атаулы көрінбейді. Құмшауыт белдерден асып ұзанқырап, лақтарды ертерек айдап келіп, балаларға қосылуға асыққан Сүгір жылдамдата жүрді. Табаны сусыма құмда сырғанап, белге шығып, ойпаңға көз жүгіртті. Шоқ-шоқ тобылғы, баялыштан басқа көз сүрінер қарайған көрінбейді.

Ойпаңға қарай жүгірген бетте келесі белге де тырмысып шықты. Бұл төңіректе де қыбырлаған мақұлық атаулы көзге түспеді. Кеуде тұсы дүрсілдей соғып алқынып қалды. Тобықтан көмілген сусыма құмға отыра кетті. Соңына мойын бұрғанда ауылдан едәуір шығандап кеткенін байқады. «Мұншалықты ұзауы мүмкін емес, ауыл төңірегіндегі қалтарыста қалып қойған ғой» деген оймен бұдан әрі ұзағысы келмеді.

Күнес беттегі сусыма құм табанын қыздырып, тұла бойы босап, көзіне ұйқы тығылды. Тобылғының қоңырсалқын көлеңкесі бусанған денесіне сая болып, қалғып кетті.

...Әуелі құлағына талмаусырап жеткен ызың естілді. Байырқалап тың тыңдағанда әлгі ызыңның қарсы бет-

тен шыққанын сезді. Дыбыс бірте-бірте жақындап, ақ жолақ сағым толқын-толқын жөңкіледі.

Шарбы бұлттай жылжыған әлгі ақ жолақ нұрға қарай өкпесін қолына алып жүгіріп келеді. Құлдырықтап ұшқан ол екпінімен сүрініп кетіп, ылдифа қарай кеудесімен сырғанай жөнелді. Бойын тіктеп, қайта тұрып, алға ұмтылды. Ақ сағым нұр тұсына таянған мезет белеске де шықты.

Желмая мініп, ақ шапан мен қалпақ киген, аппақ қудай сақалы өңірін жапқан қария сағым нұрды өзімен бірге алып келеді.

Өректіген бала көңіл қарияның жолын кесекөлденеңдеп өтуге қаймығып, еріксіз кібіртіктеді.

Жапан түзде жалаң аяқ, жалаң бас, бір жапырақ қағылез қара баланы кездестірген қария желмаяның бұйдасын тартты. Басын иіп ишарат жасаған қаршадай балаға қарияның ықыласы ауып:

«Бағың жаңғалы тұр екен балам. Домбыра сыйлап кетейін бе, әлде көген керек пе?» – деп тіл қатты.

Қозы-лақтың соңынан іздеп зықысы шыққан Сүгір іркілместен:

«Атажан, домбыраңызды беріп кетіңізші?» – деді жалбарынышты үнмен.

«Тілеуің қабыл болды балам!» – деп қария қалақтай қызыл-күрең домбыраны балаға ұсынып, бата берді.

«Соқтықпалы, соқпақты, азабы мол қиын жолды таңдап алдың балам. Тіршілігінде көп тәперіш көргенмен, соны жақсы болады».

Қаңбақтай жеп-жеңіл домбыраны қолына алып, айналдырып қызықтап қарап тұрғанда ақ сақалды қария желмаясын желдіртіп жүріп кетті.

Жөңкіліп көшкен ақ шарбы бұлт көлеңкесіндей сүт сәуле қарияның соңынан сынаптай сырғып жүре берді.

Қобы басына шығып, желмая мінген қарияны көзбен ұзатып салған Сүгір бала домбыраны шертіп көрді. Нәзік саусақтары пернеде жеңіл жорғалап, домбыра сөйлеп тұр. Қос шекті іліп тартып, әуезіне қызығып едәуір отырды.

...Күн екіндіге ауып, көлеңке ұзарғанда лақ соңынан кеткен қаршадай баланың кешіккенінен ата-анасы дегбірсіздене бастады.

– Сыртқа шығып, төңіректі байырқалап, әлгі баладан хабар алсаңшы, – деді Толқын шалына.

Төрде жастық шынтақтап жатқан Әлі белі сырқырап орнынан тұрғысы келмей:

– Лақ іздеп кетті ме, әлде ойын соңында жүр ме, құдай білсін? Күн ерте ғой, келер! – деді жайбарақат.

Көп ұзамай сырттан тықыр естіліп, іле есіктің жапсарынан талдырмаш бойлы Сүгір көрінді. Өз үйін өзі жатырқап, босаға аузында состиып тұр.

– Қарағым-ау, кірсеңші ішке, көрпешеге тізеңді бүк! – деді анасы тоң-теріс тұрған Сүгірден жүрегі секем алып. Алақанын маңдайына басып, ішкі сезігінің бекер емес екенін байқады. – Мына баланың ыстығы көтеріліп тұр ғой, жанары да солғын. Айдалада бірдененің салқыны тимесе неғылсын!

Әйелі табан астынан дегбірсізденіп, шала бүлініп қалған соң Әлі де орнынан тұрды.

– Сүгіржан-ау, не болды саған? – деп баласының бетіне үңілді. – Далада ұйықтап қалдың ба?

– Желмая мінген ата маған кішкентай домбыра беріп кетті. Домбырамды құмның ішінде жоғалтып алдым, – деді Сүгір естілер-естілмес.

– Мұның айтып тұрған атасы не, домбырасы не? – деді Әлі баласының сөзін түсініксіздікпен.

Көтеріп алып, төрге жатқызды. Сандырақтаған Сүгір айтқан сөздерін қайталай береді:

– Домбырам қайда? Тауып алып, балаларға көрсетуім керек. Мен оларға күй тартып беремін!

– Әрине, табасың балам. Балаларға күй тартып бересің! – деді Толқынның көңілі нілдей бұзылып.

Әкесі баласының қасында қалып, дегбірі ұшқан Толқын көрші-қолаңға жүгірді. Қарлығаштың дәрменсіз балапанының аузына су тамызғысы келгендей Толқынның дегбірсізденгеніне ел дүрлігіп қалды.

Құлдырықтап жүгіріп, ойып соңында жүрген Сүгірдің елірмеге ұшырағаны жайлы Құлтас болыс та естіген еді. Бала құтаймай жүріп көрген шаңырақтың көз қуанышы қарайып өсіп келе жатқанда қандай пәлеге кезікті деген ой көңілін күпті етіп, аяндап Әлінің шаңырағын бетке алды.

Мойны ырғайдай болып, жағы суалған бала көрпемен қымталған, жұдырықтай басы ғана көрінеді.

Жайбарақат сөз бастаған Құлтас шуақ төккен жанарын баладан алар емес. Сүгір үлкен кісіден именіп, қос тізесін бауырына жиды.

– Лақ соңынан күнұзын көрінбей кетті де үйге делқұлылау болып келді, – Әлі болған жайды тәтпіштеп айтып берді.

Құлтастың көкейіндегі күдік бұлты сейіліп, керегеге арқасын сүйеп отырды. Аяқ-қолын бауырына жиып, бір уыс болып бүріскен Сүгірдің көрпесін өзі қымтап жауып, иығынан қағып қойды.

– Балаңның басына бақ қонғалы тұр екен, – деді Әліге қарап, – Қыдыр әликісалам ұлыңа өшпес мұра – өнер сыйлапты. Ықыласқа қыл қобызды берген Қыдыр ата өнердің алтын арқауын ұстатып кетіпті.

Оның сөзі әке-шешесінің күдігін сейілткендей болды. Құлтас баланың өзі айтқандай шағын, ықшам домбыра жасатып беріп, біраз күн ел көзінен қаға беріс, бөлек үй тігіп, оңаша ұстауға кеңес берді.

Іңір үйіріліп, қас қарайған шақта Толқын білте шамды ортаға қойып, баласының ас-ауқатын әзірледі.

Домбыраның қос шегін термелеп тыңқылдатып отырады. Шанағын тізесіне қондырып, саусақтарын пернеге қадап, астыңғы-үстіңгі шекті кезек іледі. Шашыраңқы басталған қоңыр әуен біртіндеп қол-аяғын бауырына жиып, ширатыла түседі. Жас баланың денесі домбырамен тұтасып, бойы еңкіш тартып, бар ынтасымен ден қояды.

Біртіндеп баланың балғын саусақтары қатайып, пернелерді термелеуі ширай түсті. Әуенді ақырындап бастап, соңын созбұйдаға салып, жинақтай алмай қалатын шалағайлығы бар. Мұңлылау сазды шатып-бұтып тартып отырып көзіне ұйқы тығылған соң күйді аяқтауға төзімі жетпей шорт үзеді.

Ел орынға отырған шақта Құлтас шекпенін желбегей жамылып, баладан хабар алғалы үйге бас сұқты.

– Домбыраға ынтасы зор, тамағын ішіп отырып та көзінен таса етпейді, – деді Әлі баласының жайын айтып, – Алаңсыз асыр салып, ойын соңында жүрген балаға бұл бір тауқымет болды-ау өзі.

Домбыраға әуестенгелі томаға-тұйықтық, селқостық мінез пайда болғанын әке жүрегі сезіп, пұшайман жеп жүр. «Балаларға қосылып, бір мезгіл ойнап, көңіл көтеріп қайт!» – деп үйден шығарып салғанмен топқа сырттап барып қарап тұрады да қоян-қолтық араласып кете алмай, состиып жалғыз қалып қояды. Ұнжырғасы түсіп үйге оралады.

– Қайдам, әйтеуір, көзге көрінген соң аман болса жарар еді, – деп Толқын уайымдады.

– Бойында дарыны бар бала ерте есейеді, – деді Құлтас сабырлы үн қатып, олардың қам көңілдеріне дем беріп, – Бұл уақытша торығу, ұзаққа бармайды, әлі-ақ балаларға қосылып, ойнап кетеді.

Ойдағы-қырдағы ағайынның басын қосып, іргесін біріктіріп отырған бәйтеректей Құлтас болыстың бұл келісі шаңыраққа шуақ дарытып, дем берді.

Таңғы бозторғай шырылынан оянған Сүгір төсегінде молдас құрып, домбырасын алдына көлденең ұстап отыр. Сырттан анасының жөткірінгені естіліп, іле түңлік жартылай ашылып, ішке жарық құйылды. Қозылақ маңырап, ересектердің дабырласқан дауыстары тынық ауада жаңғырып естіледі.

Домбыраға біршама төселіп қалған Сүгір көп ұзамай өзінің жадыраңқы бастапқы қалпына түсіп, үйреншікті ортасына оралды.

Ауылдағы ересектердің басы жиылған жерде Құлтас болыс: «Домбырашы баланы шақырындар, құлағымыздың құрышын бір қандырсын» – деп кісі жібереді.

Үлкендердің қолпаштау сөзі қолтықтан демеп, Сүгір домбыраның құлақ күйін келтіріп, майда шертіске салып, қоңыр сазды құйқылжыта жөнеледі. Екі-үш күйдің басын қайырған соң Құлтас: «Бүгінге осы да жетер!» – деп, ауылдан шыққан жас пері домбырашыны көпшілік жиналған жерге біртіндеп бойын үйреткісі келгендей сыңай танытады.

Оның үлкендер назарын өзіне аударып, домбыра тартқаны қатарластарына да қозғау салып, біразы Сүгірді төңіректен жүр. Ибаділда мен Сатыбалды оңашада шатып-бұтып домбыра тартады. Бірді-екілі ән әуенін үзіп-жұлқып тартып, ыңылдап қосылады. Сүгірге күй тартқызып, онысын аяқтатпай:

– Домбыранды маған бере тұршы? – дейді Ибаділда қолына жармасып.

Балаң көңілінде табы сөне қоймаған күй сарынын пернеге суытпай қондыра салғысы келгенмен майысқақ саусақтары кібіртіктеп, өзгеше түсініксіз сарынға түсіп кетеді.

– Олай емес, берші маған? – деп домбыраны Сатыбалды алады.

Ол да күйдің алғашқы бунақтарын пернеден үзіп-жұлқып термелейді де, соңын шатастырып, іркіліп қалады.

– Тағы да бір қайталап тартшы? – деп Сүгірден өтінеді.

Осылайша домбыра қолдан-қолға кезек ауысып, Ибаділда мен Сатыбалды күйдің қысқа бунағын пернеден тауып алады. Сүгірді жиі мазалап, іле өздері қайталап, ұзақ әуреленеді.

Енді бірде балаларға қосылған Сүгір жарыса даурығысып, ауыл сыртындағы өзенге қарай бет алып бара жатты. Сол кеткеннен кешке бір-ақ оралды. Сүгірдің бетін жел қағып тотығып, жанарында ұшқын оты ойнайды.

Іргелес қонған үйлерде домбыра көбейіп, тыңқылдаған дыбыс әр тұстан естіліп жатты. Ауыл арасында жал-құйрығын түйіп, тай мініп шапқылаған балалардың ендігі ермегі домбыра болды.

Құлтастың өзі де домбыраға қара жаяу емес. Көпшілік арасында тыңқылдатып ермек ететіні бар. Тартқаны өзіне ұнайды. Көңіл қошымен пернелерді қуалап, майда шертіске салады.

– Менің бір байқағаным осы өңірдің адамының қай-қайсысы болмасын домбыраны майда қоңыр әуезге салуға бейім. Момын елдің домбыра шертісі де жанға жайлы келеді-ау, – деген сөзі Сүгірдің жадында қалыпты.

Адам бойына біткен өнер де оның тегінен, қанынан бастау алады. Сүгірдің әкесі Әлі, атасы Мырзабайдың жаратылысы қандай екені Құлтасқа мәлім. Кісінің ала жібін аттамайтын, о бастан момын жандардың мінез-болмысы бала Сүгірге де дарыған. Кей-кейде байқалып қалатын томаға-тұйықтық өсе келе өзін елден оқшау-

лап, бойындағы өнөрін қызғанатын әдетке ұласпаса екен деген түйткілі де жоқ емес.

* * *

Ауыл балалары атқа мініп, әкелерінің соңынан еріп, түздегі шаруаға қолғабыс тигізіп жүр. Әуелде балаларға түнемеге жылқы күзету қызық та болып көрінетін. Бүгін ауылдың ересектері өзге ауылдағы қазаға көңіл білдіруге кетті де Ибаділда екеуі түнгі жылқы күзетінде қалды.

Жылқының басын қаусырып, ойпаңға жинақтап, екеуі ықтасын беткейде бас қосты. Ортаға отты алаулатып жағып, түннің бір уағына дейін даурығып сөйлеп, көздеріне ұйқы тығылған соң жамбастарына тоқым төсеп, жата кетті.

Таңғы жарық себезгілеген шақта бойы тоңазыған Ибаділда орнынан тұрып, ықтасын биік тораңғының арасына кіріп жатты. Бір уыс болып бүрісіп, шоқиып отырған Сүгір шығыстан суыт желдіріп келе жақтан бір топ аттылыны көзі шалды. Соңдарынан жеңіл шаң көтеріліп, жылқыға жақындағанда екіге бөлініп, жүрістерін үдетті. Ақ ұлпа шаң да екі жаққа шұбатылып, ұлғайып келеді. Жусап жатқан жылқыға жанай берген олардың жүрістерінен секем алған Сүгір отырған орнында бүрісе түсті. Жылқылар тосын шыққан дүбірден шошына топтанып, айғырлар шұрқырасты. Суыт жүрістілер жылқыларды қаусырып, екі бүйірден қысып келіп, айғырлардың үйірін бөлектеп айдап шықты.

Ибаділда ұйқысынан оянбады ма, әлде тосын келген бөгде жандардан шошып, қалыңның арасына бой тасалап қалды ма, одан ешбір сыбыс жоқ. Бас иесіз жылқыға бүйідей тигендер оңай олжаны қырдан асырып қуып, сойылдарын оңтайға алған төрт-бес жігіт соңдарынан қуғыншы ілессе жолдарын бөгегелі іркіліп қалды.

Тораңғы түбінде шылбыры шұбатылған атты көздері шалған олар еріксіз кідірістеді. Сүгірдің кеуде тұсы дүрсілдеп, дізесін құшақтап, бүрісе түсті. Ат тізгінін кері бұрғандар сыдыртып демде қасына жетіп келді. Бір уыс болып отырған Сүгірді өңшең науша

жігіттер ат үстінен бүріп алатындай шүйлігеді. Мұның қауқарсыз бала екенін байқаған ішіндегі үлкені қамшымен түртіп орнынан тұрғызып, бетіне бажайлап қарады. «Кімнің баласысың?» – деген сауалына Сүгір жауап қатпады. Екінші мәрте үн қатқан адамға да тіс жарып ештеңе айтпады. Олар көп кідірістеуге болмайтынын сезгендей Сүгірді жайдақ атына көтеріп мінгізді де алдарына салып қуа жөнелді. Сауырына дойыр қамшы тиген аты орнынан ытырылып кетті.

Жылқыға қосылып, шығысқа қарай сыдырта айдап келеді. Аңғар, жықпыл-жыра, сай-саламен бой тасалаған барымташылардың жүрістері суыт. Сүгірге көпке дейін жер бедері таныс көрінді де біртіндеп ұзаған сайын бұрын-соңды көз көрмеген бейтаныс аймаққа шықты.

Сәскеге салым қалтарыс қабақ астынан жылтырап аққан бұлаққа жетіп, көліктерінің белін суытты. Ат дорбадан азықтарын шығарып, жүрек жалғаған болды.

Ұзақты күн қуғын көріп, шаң жұтып шөліркеген жылқылар сылдырай аққан бұлақты жағалай суға бас қойды.

– Сен бала, жөніңді айтасың ба, жоқ па? – деп алғашқы тіл қатқан еркек қолындағы қара кесек еттен кесіп бұған ұсынып.

Сүгір етке қолын созбады, тым-тырыс отыр.

– Өзің шамаңа қарамай, көк қырсықсың-ау!

Орындарынан әбжіл көтерілді де жылқыларды алдарына салып, сыдыртып қуа жөнелді. Ақ тер, көк терге малшынған жылқылар бейтаныс бағытқа қарай жөнкіледі. Жылқы соңынан келе жатқан Сүгірдің тақымы сыздап ауырып, аяқтары домбығып ісіп кетті. Оқшау қала берген мезет атының сауырына қамшы тигенде, ытырыла алдындағы жылқыларды омыраулата қағып, ішкерілеп еніп кетеді.

Қуғыншылар өңшең аттың жалы, түйенің қомында тақымы қатайған жанкештілер болса керек, аз ғана тыныстаудан кейін-ақ тыңайып алды.

Күн екіндіге ауып, шағырмақ күннің қызуы да басылды. Таңдайы кеберсіп, тамағы жұтындырмай шөл қысты. Соңындағылар жортуылда ат үстінде жүріп-ақ

қанжығаға байлаған торсықтарын бастарына көтеріп, тамақ жібітіп алады.

Ел көзіне түсіп қалмайық деген оймен суыт жүрген барымташылар інір үйірілген шақта екпіндерін басты. Оңтайға алған шоқпар, сойылдары ер соңында салбырап, құрықтары жерге сүйретіліп келеді.

Қайда барады? Мынау тоңмойын содыр жігіттер кімдер? Оның бәрі Сүгір үшін жұмбақ.

Жатаған тау етегінде жусап жатқан жылқылардың қарасы көрінді. Барымташылар айдап келген жылқыларды көп жылқыға қосты.

Жазыққа шеңберлене тігілген киіз үйлі ауыл шетіне ілікті. Сүгірді шеткі үйге кіргізді де есік аузына күзетші қойып кетті. Үйге қозы-лақ қамалған болу керек, малдың құмалағы жатыр.

Керегеге арқасын сүйеген Сүгір екі аяғы ұйып, ұзақ жүрістен сілесі қата шаршағанын сезді. Белі сырқырап, басы айналып, көзі қарауыта береді. Тамағы құрғап, шөл қысты.

Түңлігі жабық, іргесі қымталған киіз үй ішінен түннің қай уағы болғанын аңғару қиын. Төбедегі киіздің алақандай жыртығынан жалғыз жұлдыз тіршілік нышанын сездіріп, үміт шырағындай жылтырайды.

Есікті сілки ашқан күзетші дауыстап:

– Әй, бармысың, ал мынаны! – деп табалдырық аузына ыдыспен тамақ қойып, ескі тонды лақтырып кетті. Жарғақ тонның етегі ит талағандай жұлма-жұлма екен. Бойы тоңазыған соң тонды иығына желбегей жамылып, бүрісіп отырды.

Шөл қысқан соң табалдырық аузындағы ернеуі қажалған қауақтағы ашытпаны басына көтеріп, сіміріп салды. Түбінде бөккен жармасы қалды.

Сілесі қатып шаршаған Сүгір тонға оранып, қалың ұйқыға кетті.

Ертеңіне күн көтеріле жұлқылап оятқан жігіттің бетіне шошына қарады.

– Нағашыңның үйіне келгендей шалжиып жатырсың ғой. Тұр! – деді әлгі жігіт үстінен төніп тұрып.

Көзін уқалай ашып, орнынан тұрды. Қаракөленке жерден тысқа шыққанда қарсыдан қадалған күн шапағы көзін қарып, төңірек сүттей жарық болып кетті.

Жұпыны үйлердің сырт көрінісі малдың жайын күйттеген жадағай ауылдың кейпін танытады.

Сүгірді етектегі жылқышыларға қосты. Қашқандай болса ұзап кетпесін дегендей ыңыршығы айналған көк дөненге мінгізді. Даладағы қоста күндіз топтанып жүреді де түнге қарай екі-үшеуі қалады.

Мұндағы тіршілік те ауылдағы жылқышылар өміріне ұқсақ. Қырдағы жылқышылардың малды сыртынан байырқалауы, түс мезетінде суатқа құлатып, іңір үйіріле қос төңірегіне жинақтауы, түнгі күзет – бәрі Сүгірге таныс тіршілік. Тек жер бедері ғана өзгеше, тау-тасты, қырат-қырат болып келеді.

Қостағылар мұнымен шешіліп сөйлеспейді. «Барып кел, алып келге» қолбала етіп жұмсайды. Бәрі өзара келісіп алғандай кезектесіп көзден таса етпейді. Алғашқы күндері ауылды, ата-анасын ойлап, саруайымға түсіп жүрді. Мұның қайда кеткенінен бейхабар ата-анасының қандай күйге душар болғаны белгілі. Бұрын-соңды ауылдан ұзап шықпаған баланың не өлі, не тірі екені білгісіз. Барымташылардың тұтқиылдан келіп, жылқыларды айдап кеткенін, солармен бірге Сүгірдің де ғайып болғанын Ибаділдадан естіген де болар.

Қоста өзінен екі-үш жас ересек, мұрты тебіндегі бастаған бозбала Сүгірді іш тартып сөйлескісі келеді де ересектерден қаймығып, еріксіз сырттап кетеді.

Қос басында оңаша қалғанда:

– Сенің әке-шешен бар ма еді? – деп сұрады.

Не оймен сұрап отыр дегендей Сүгір оның бетіне қарады. Жүзінде жымысқы, бөгде ой жоқ сияқты. Сүгір мұнайып үнсіз қалды.

– Кел, асық ойнайық, – деп іргеден қалта шығарды. Бауын шешіп, құрым киіздің үстіне асықты шашып жіберді.

– Хан алшы ойнайық!

Еңсесін басқан ауыр ойдан серпіліп, балалық әуестігі бой көтерді.

Қызыл асық алшысынан түсіп, екеуі шашылған асыққа таласып қалды. Иық тірестіргенде бала өзінен әлді көрінді. Асықтарды алақанына жиып алып, Сүгірдің уысында бес-алтауы қалды.

Кешкісін ересектердің басы құралып, серігі ауылға қайтуға жиналды.

– Сүгір де менімен бірге жүрсінші? – деді ол қиыла өтініп.

– Ол бармайды, біздің қасымызда болады.

Бала жалбарынышты кейіппен әкесіне қарады. Ымырт үйірілген шақта ауылға жалғыз қайтуға жүрексінген тәрізді.

– Мейлі, ендеше, серіктесіп барып қайтсын, – деді әкесі баласының өтінішіне келіскен сыңай танытып.

Осылайша Сүгір жат елде Жандарбекпен танысты.

Мінген көліктері ауылға қарай жол сорабымен сыдыртып келеді. Арадік тұяқтары қайрақ тастарға тиіп, лекілдеп желіп кеткенде Жандарбектің белінен қапсыра құшақтап алады.

Қараңғылық қоюланып, көкте жұлдыздар жамыраған шақта олар ауыл шетіне ілікті. Білте шамды қоршап отырған үйдегілер бұлар ішке кіргенде бастарын көтерді. Сүгірді «тұтқын бала» деп естіген үйдегілер жатырқай қарасты. Қара домалақ, тәмпіш мұрын балалардың жанарында таңданыс бар.

Тоқымасын тоқып отырған әйел орнынан тұрып, іш тартып қарсы алды:

– Келіндер, айналайындар! Сендер ағаларыңа орын беріндер, – деп балаларды төменге қарай ығыстырды. Екеуі төрге қатар жайғасты.

– Мен сендерге тамақ ысытып берейін! – деп сыртқа шықты. Есік алдындағы ошаққа от жағылып, алау ойнады.

Кеспе көжені буын бүрқыратып, ағаш тостаққа құйып алдарына қойды.

– Тойып ішіп алыңдар, шөлдесеңдер айран шалаптан берейін, – дейді бәйек болып, – Түзде жүрген жанның қайбір жағдайы келіссін!

Екеуіне төсекті қатар салды.

– Үстеріңдегі киімдеріңді шешіп беріндер, жуып қояйын, – деді.

Сүгір жейдесінің әбден кірлегенін, жағасы шайырланып, тер сіңгенін енді байқады.

Бұл үйге де біртіндеп бауыр басып келеді. Жандарбекке ілесіп таңертең қырдағы жылқыға бара-

ды да күнүзүн сонда болып, іңір үйіріле ауылға оралады. Ауыл мен қырға қатынап жүргеніне жұрттың көзі үйреніп қалды.

Алыстағы ата-анасы, ауылы түсіне жиі кіріп жүр. Барымташылар алдарына салып қуып келген көп жылқы дүркіреп, таптап кететіндей көрінеді. Үрейленіп, айқайлаған өз дауысынан өзі шошып оянды. Өз-өзіне келе алмай төсекте шоқиып отыр.

– Түс көрдің бе, даусың қатты шықта ғой, – деп Жандарбектің шешесі қасына келді. Маңдайын ұстап еді, терге шыланып тұр. – Жата ғой, ұйықта!

Баланың көңілі орнықпай жүргенін жүрегі сезеді. «Итті де иесімен қинасын», қанша қас-қабағына қарағанмен есіл-дерті өзінің өсіп-өнген жері, ата-анасына не жетсін.

Оңашада Сүгірден келген жері, ата-анасы туралы суыртпақтап сұрады. Сүгір бәрін жасырмай айтып берді.

– Әуелі құдай сосын, Қарабура бабамыздың аруағы жар болсын, ата-анаммен табысарсың, қарғам! – деді әйел іш тартып.

Мейірім-шуағы мол Жандарбектің анасы айтқан әулие бабасы мұны соңынан іздеп келіп алып кететіндей көрініп, жабырқау көңілі алданып, ұйықтап кетті.

Ертеңіне жылқыға кетіп бара жатып, жыңғылды тоғайға жетпей шідерлеулі жайылып жүрген торы мен қара қасқа айғырға көзі түсті.

– Біздің бәйгеге қосатын аттар! – деді Жандарбек мақтаныш көріп. – Көкем бұларды жылқыға қоспай бөлек ұстайды.

Олар бәйге аттардың тұсынан өтті. Түстері бөлек болғанымен дене бітімдері ұқсас. Бота тірсек, қаз мойын, құйрық-жалдары күлтеленген жылқылар бастарын баяу шұлғиды.

Қос атты ары-бері өткенде күнде көріп жүр. Соңғы күндері Жандарбекке кезек-кезек мінгізіп, ауылды айналдыра шаптырып, терін алады.

...Өздері жататын киіз үймен іргелес есігі ашық қалған үйдің кереге көзіне ілінген домбыраны көріп жүрісін тежеді. Шанағы төңкерілген саржағал домбыра түкөзіне ыстық басылды.